

ХАТТАМА № 1

2021 жылғы 30 қыркүйек
Жаңаөзен ауылы

Директор жанындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп директоры К.С.Байғалиев,
мектеп әкімшілігі, мектеп психологы, сынып жетекшілер

Күн тәртібі:

1. «Сенімсіз топтағы» оқушылардың тұрмыс жағдайын анықтау, бақылау және диагностикалық жұмыс жүргізу қорытындысы.
2. Мектептегі оқулықтар қорының сақталу мен оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі дәрежесіне талдау жасау туралы.
3. 9-шы, 11-ші сынып оқушыларының орналасуы.
4. Санитарлық-гигиеналық тәртіп пен еңбек қауіпсіздік техниканы сақтау туралы.

Тыңдалды:

1. Г.Ж.Тагаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
«Сенімсіз топтағы» оқушылар тізімі мектеп психологтары, сынып жетекшілер мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың бірлескен жұмысы арқылы анықталды, тізім құрылды. Осы оқушылардың үйіне барып тұрмыс жағдайын анықтау, бақылау және диагностикалық жұмыстар жүргізілді (Сенімсіз топтағы оқушылардың тізімі №1 қосымша тіркелді)
2. Мектеп кітапханашысы. Мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылында оқушылардың оқулықтармен қамтылуы 100%. Оқулық қоры 8067 дана. Мектеп оқушыларының жеке пәндер бойынша оқулықпен қамтылуы 100 пайыз. Жеткіліксіз оқулықтар жоқ. Мектеп оқушыларының жеке пәндер бойынша оқулықпен қамтылу деңгейі қосымша берілді.
(Қосымша №2)
3. Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. «Мектеп бойынша 11сынып бітірген барлық оқушы саны 20. «Алтын белгі» белгісінің иегері 2 Үздік аттестат иегері 1 түлек. ҰБТ-ге қатыспағандар саны 3, ЖОО грант иегерлері 12. Колледждердегі грант иегерлері 4. Ақылы түрде колледждерде білім алушылар саны 1. Әскерге баратын түлек жоқ. Әкімнің грант иегері жоқ.(Қосымша №3)
9 сынып бітірген барлық оқушылар саны 22. Оқуды арнайы орта оқу орындарында жалғастырушы 7 оқушы, 10 сыныпқа қабылданғаны 15. Тізім қосымша берілді. (Қосымша №4)
4. Төртінші сұрақ бойынша директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Лабанов оқу бөлмелеріне қойылатын санитарлық талаптарды орындап, қауіпсіздік ережелерді сақтау жөніндегі тоқталып өтті. Бүгінгі күнге мектеп бойынша барлығы таныстырылғандығын атап өтті.

Құрылған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. Мектепшілік құқықбұзушылыққа бейім, «Сенімсіз топта» есепте тұрған, қолайсыз отбасында тәрбиеленетін оқушылармен жұмысты қатаң бақылауға алу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілерге, мектеп психологтарына жүктелсін.
2. Мектеп психологы мен сынып жетекшілер бірлесіп, оқушылардың тұрмыс жағдайын бақылап, диагностикалық жұмыстарды әрі қарай жалғастырсын.
3. Кітапханашы:
 - Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету қатаң бақылауға алынсын.
 - Кітапхана Ережесін орындай отырып, тәрбиелік бағытта жұмыс жасалсын.
4. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Лабанов мектептің тазалығын үнемі қадағалап, уақытылы тексеру жүргізісін.
5. Мейіргер Е.Турлыханов, кабинет меңгерушілері күнделікті мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын қатаң бақылауға алсын.
6. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, кітапханашыға, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына, мейіргерге жүктелсін.

Төрағасы

Байғалиев К.С

Хатшы

Мадыбаева А